

Бөлімнің қызметі.

Бөлім, облыс көлеміндегі зағип және әлсіз қоретін азаматтарға қызмет қорсететін бvкіл арнайы кітапхана филиалдары мен пункттеріне әдістемелік орталық болып табылады:

1. Филиалдар мен пункттердегі кітапханалық қызметтің дамуын талдайды, озық тәжірибелерді таратады, оқырмандардың арнайы сұраныстарын анықтау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізеді.
2. Облыс көлеміндегі зағип оқырмандарға қызмет қорсететін кітапханашылардың кәсіби біліктілігін жоғарылату мақсатында, тәжірибе алмасу мақсатында іс-шаралар ұйымдастырып откізеді.
3. ОҚО арнайы кітапхананың және филиалдар мен пункттердің жұмыс жоспарлары мен есептерін сараптап, қабылдайды.
4. Кітапханалық және ақпараттық жұмыстың жаңа тиімді түрлерін зерттеп енгізеді. Кітапхананың баспа қызметін үйлестіреді.
5. Облыстағы арнайы кітапхана филиалдары мен пункттеріне кенестік және әдістемелік көмек қорсетеді.
6. Токсан сайын әдіскерлер күні отіп тұрады.

7. Когаммен үйлестіру қызметін ұйымдастырады.

8. Облыс көлемінде, зағип оқырмандардын интеллектуалдық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпал ететін ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге және ақпараттық ортаны қалыптастыруға, оқырмандардын ақпараттармен алмасуларына, бос уақыттарын тиімді пайдалануларына мүмкіндік жасауға, олар үшін қарым-қатынас жасаудың мәдени, рухани орталығын құруға өз үлесін қосады.

9. Кен көлемде I-II топ қозғалысшылармен байқаулар, фестивальдар, спорттық жарыстар т.б. көпшілік іс-шараларға арналған құжаттар дайындап, өткізеді.

Бөлім қызметінің басымды бағыттарының бірі 2010-2011 ж.ж. арасында

3 жылға жоспарланған I-II топ қозғалысшылары арасында өтіп келе жатқан «Жанарым менің жүрегім» атты облыстық фестиваль. 2011 жылда ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына, М.Мақатаевтың 80 жылдығына, Ж.Жабаевтың 165 жылдығына арналып отыр.

Бөлімде дәстүрлі түрде библиографиялық, фактографиялық ақпараттар жинағы сақталады. Бүкіл баспа-басылымдары өңделеді:

1. Зағиптар үшін қажетті ақпараттар, жана ақпараттық технология көмегімен картотекалар және библиографиялық мәліметтер базасы қалыптасқан,

2. Оқырмандарға библиографиялық қызмет көрсетіліп, анықтамалар мен ақпараттармен қамтуда.

3. Мектеп-интернатының оқушыларымен анықтамалық-библиографиялық аппарат /АБА/ бойынша іс-шаралар өтеді.

4.Кәсіби басылымдарға шолулар жасалынады. Библиография кvні, ақпараттар кvні отіп түрады.